



Сыр бойы

№77-78 (20953-20954) 24 мамыр, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевты қабылдады.

Президентке ведомствоның жыл басынан бері атқарған жұмысының нәтижесі мен алдағы кезеңге арналған міндеттері жөнінде есеп берілді.

Ермек Сағымбаевтың айтуынша, ҰҚК материалдары негізінде 43 адам лаңкестік пен діни экстремизм бабы бойынша сотталған және 34 азамат тергеліп жатыр. Терроризм мен экстремизмге қатысы бар 212 шетелдіктің Қазақстанға кіруіне жол берілмеді. Радикалды ұйымдарға мүше 1498 шетелдік адамның елімізге келуіне шектеу қойылды. Террористік және экстремистік қылмыстар жасағаны үшін іздеуде жүрген 12 шетелдік азамат ұсталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Терроризмге қарсы орталықтың кезекті отырысы өткізілгені жөнінде мәлімет берілді. Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың мемлекеттік жүйесін дамытуға арналған кешенді жоспарды жүзеге асыру барысы қаралды. Қазақстан арқылы лаңкестерді алып өту, лаңкестік әрекетке қажетті қаржыны аудару фактілерін ескере отырып, терроризм қаупін төмендету бойынша қосымша шаралар әзірленді.

Мемлекет басшысына Ішкі істер министрлігімен бірлесіп 13 қылмыстық топтың қызметі тоқтатылғаны, олардың 142 мүшесі ұсталғаны және 40 азаматтың тұтқындалғаны туралы баяндалды. Заңсыз айналымда жүрген 282 атыс қаруы, 48 граната мен 4586 оқ-дәрі тәркіленген.

Есірткі өндіретін 12 зертхана, сондай-ақ 13 халықаралық және 12 өңірлік тасымал арнасы жойылған. Заңсыз айналымнан 3,2 тонна есірткі мен психотропты заттар, 7,5 тонна прекурсорлар алынды.

Сыбайлас жемқорлық пен құқыққа қайшы басқа да әрекет жасаған мемлекеттік және құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін 15 лауазымды тұлға құрықталды. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында 1,6 триллионнан аса теңге көлемінде мемлекетке келтірілетін залалға тосқауыл қойылып, оның 220 миллиард теңгесі қазынаға қайтарылды.

Мемлекеттік шекараны бұзған 16 мыңнан астам адам ұсталды. 3025 тұлға елден шығарылды. Қару-жарақ пен оқ-дәрі, есірткі және басқа да тыйым салынған заттарды алып өтпек болған 600-ден аса факті әшкереленді. Шекара арқылы 11 миллиард теңге мен құны 16,6 миллиард теңге болатын тауарларды заңсыз алып өтуге жол берілмеді.

Сонымен қатар мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесіне жасалған 796 миллион кибершабуыл әшкереленген.

Кездесу соңында Президент ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің бағыттары бойынша бірқатар тапсырма берді.

Сондай-ақ кеше Мемлекет басшысы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиеваны, Жасыл климат қорының атқарушы директоры Мафальда Дуартені қабылдады.

/// САРАП

ТУУ КӨРСЕТКІШІ НЕГЕ ТӨМЕНДЕДІ?

Кейінгі күндері ақпарат көздерінде тараған бір дерек ойға қалдырды. Ол – еліміздегі бала туу көрсеткішінің төмендеуі. «2025 жылдың қаңтар-наурыз айларында 77,3 мың нәресте дүниеге келді, бұл – өткен жылмен салыстырғанда 16%-ға аз, 2014 жылдың алғашқы тоқсанынан бергі ең төменгі көрсеткіш» деп жазды BAQ.KZ.»

Ұлттық статистика бюросы туу көрсеткіші әсересе, Ақмола, Жетісу облыстарында төмендегенін мәлім етті. Бұл мәселеге алаңдаушылық білдірушілер балалы болудан саналы түрде бас тартатындардың саны жылдан-жылға көбейгенін жазып жатыр.

2-бет

/// СОҒЫ ҚОҢЫРАУ САЛТАНАТЫ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТІҢ» АЛҒАШҚЫ ТҮЛЕКТЕРІ

Өңірде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі алғашқы түлектерін түлетті. Жыл басында пайдалануға берілген мектепте 1079 оқушы білім нәрімен сусындаса, оның 62-сі биыл жаңа өмірге қадам басты.

Салтанатты жиында арманын аркалап болашаққа қадам басқан шәкірттеріне мектеп директоры Еркін Ақшалов ақ тілегін арнады. 2024-2025 оқу жылының мектеп үшін табысты өткенін айтып, сол үрдістің жалғаса беруіне тілектестігін білдірді.

– Биылғы оқу жылы біздің мектебіміз үшін ерекше жыл болды. Себебі Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының игілігін

алғашқылардың бірі болып көріп отырмыз. Жаңа ғимарат – жаңа мүмкіндіктер ордасы ғана емес, елімізді жас ұрпақ тәрбиесіне, білім беру ісіне жасалған жағдай. Мектебімізді аяқтап жатқан 62 оқушының 52-сі ҰБТ-ға қатысады, оның екеуі «Алтын белгіге» үміткер болса, 7-і «Үздік аттестатқа» талаптанып отыр. Алда түлектерді ҰБТ күтіп тұр. Шәкірттеріміздің сол сынақтан сүрінбей өтіп, мектептің ғана емес, аймақтың абыройын асқақтататынына сенемін, – деді ол.

Шара барысында оқушылардың алғашқы ұстаздары мен ата-аналары да алғаусыз тілектерін айтып, риясыз алғыстарын білдірді.

– Қазақтың бас ақыны Абай атамыз: «Баламды медресеге біл деп бердім» дейді. Біз де осыдан 11 жыл бұрын баламызды білсін, білім нәрімен сусындасын деп әкеліп, мектеп ұжымына сеніп тапсырған болатынбыз. Аллаға

шүкір, сеніміміз алдамады. Он бір жылда жақсы білім алып, тарыдай болып кірген балаларымыз таудай болып шығуда. Осындай деңгейге жеткізген ұстаздарына алғысым шексіз, – дейді ата-ана Ләззат Есенбаева.

Жиын соңында түлектер вальс билеп, соңғы қоңырау соғылды. Сондай-ақ ашық аспан көгіне ақ көгершіндер самғады.

Айта кетейік, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы білім ошақтарының алғашқы 900 оқушыға арналған мектебі өткен жылдың қазан айында сол жағалаудан табысталды. Жалпы, өңірде бұл санаттағы 10 мектептің 6-ы пайдалануға берілсе, жыл соңына дейін қалғаны ел игілігіне айналмақ.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»,
Суретті түсірсеңіз автор

ҚҰНДЫЛЫҚ БАСТАУЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕДЕ

Мектепте соңғы қоңырау соғылды. Кезекті оқу жылы аяқталып, жыл қорытындысы сараланды. Бітіруші түлектер жаңа өмірге қанат қақты. Биыл білім саласы үшін табысты жыл болды. Өңірде білім сапасын арттыру және оқушыларға жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Заман талабына сай білім ошақтары мен ұйымдары ел игілігіне берілді.

Аймақта биылғы оқу жылын 184924 оқушы, оның ішінде бастауышты 16821 бала аяқтады. «Алтын белгіге» үміткер 805 оқушы бар. Ұлттық бірінғай тәстілеудің шешуші кезеңі 16 мамыр мен 4 шілде аралығында қала, барлық аудандағы тәстілеу орталығында өтеді. Тәстілеуге оқушылардың 89,5 пайызы қатысады. Бұл туралы облыстық білім басқармасының басшысы Аскарбек Есжанов брифингте айтқан болатын.

Күні кеше барлық сыныпта «Білімім – Отаным» атты бірінғай сынып сағаты өткізілді. Осы күні 11-сыныптарға арналған мектеп бітіру рәсімі «Мектебім, саған мың алғыс!» тақырыбымен облыс көлемінде бір мезетте өтті. Ал 18 маусым күні «Жолың болсын, жас түлек!» тақырыбында аттестатты салтанатты табыстау рәсімі ұйымдастырылады. Қорытынды бітіру емтиханы 9-сыныптағы 16306 білім алушы үшін 29 мамыр мен 10

маусым, 11-сыныптағы 9531 бітірушінің мемлекеттік емтиханы 30 мамыр мен 16 маусымда өтеді.

Білім басқармасы тарапынан арнайы бұйрық шығарылып, барлық білім беру ұйымының басшылары мектеп бітіруші түлектердің ата-аналарымен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Басқарма басшысы мерекелік дастарқан ұйымдастыруға, жалға берілетін көлік алып, қала сыртында экскурсия өткізуге, сынып жетекшілеріне сыйлық беру сынды әрекеттерге жол берілмейтінін, бақылау қатаң болатынын жеткізді.

2-бет



